

№ « 1 » 01 2021

Педкеңесте қаралды

ректіемін: Ә.Ш.Қашиев

Мектеп директоры

келісілді: Г.А.Даниярмурқанбетов

Аудандық білім бөлімінің басшысы

Сиқырлы суретші

Орындады: Г.А.Балзақ

Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

Ә/Б отырысында қаралды: Ж.Тлеубергенова

(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хаттама «31» 08 2021

Тексерілді: Д.Ж.Мергенбаев

оқу ісінің меңгерушісі м.у.а.

Аудандық сарапшылар алқасының шешімі

Аудандық білім бөлімінің әдістемелік орталығының сектор меңгерушісі:

Б.Оңғаров

Аудандық әдістемелік орталықтың әдіскері:

М.Ажимкин

Түсінік хат

Сурет салу бала ойыны ұшқырлығы шындалады. Бояулар түсінің үйлесімділігі-сурет салудың басты құндылығы. Заттың пішінін, кеңістікте орналасу дағдыларын жолдарын меңгертеді. Сурет және бояулар арқылы адам көңіл-күйін бейнелеуге болатындығына көз жеткізеді. Қазіргі білім парадигмалары мен адамзаттың шығармашылық, адамгершілік-рухани қажеттіліктері бейнелеу іс-әрекетін алдыңғы қатарға қояды. Оқу-әдістемелік кешеннің негізгі тұжырымдамасы бейнелеу өнерінің (сурет салу) құралдарыарқылы тұлғаны жоғары гуманитарлық құндылықтар негізінде қалыптастыру; тәрбиеленушілердің біртұтас оптимистік дүниені сезінгенін байқау, өнердің алуан түрлілігін ескере отырып, онына адамгершілік-эстетикалық ортасын қалыптастыру; 6–7 жастағы балаларда ұлттық абырой мен мәдениет сезімін қалыптастыру; ерекше ойлау қасиеттерін, шығармашылық қиялды қалыптастыруда жатыр. Мектепалды даярлық бағдарламасын жүзеге асыратын педагогтер алдында күрделі міндет тұр: көркем мәдениет тәжірибесін меңгеру негізінде балада дүниені жекелей көру, ол туралы ойлау, өз қатынасын білдіру қабілетін қалыптастыру.

Мақсаты:

Сурет сала білу дағдыларын қалыптастыру. Жан-жақтылыққа, шығармашылыққа, үйлесімділікке жетелеу. Құрастыруға, бейнелеуге, бағдарлай білуге баулу. Сурет өнеріне машықтандыру, қызығушылығын ояту.

- сурет негіздері туралы білімді және көркемдік материалдармен, құралдармен жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыруды;
- заттарды олардың кеңістіктік арақатынасына сәйкес бейнелеу дағдыларын қалыптастыруды;
- білімқұмарлық, шығармашылық қиял, фантазия, есте сақтау қабілетін дамытуды;
- эстетикалық талғамды дамытуды және бейнеленген образдарды түсіну сезімін қалыптастыруды;
- ойын және көркем іс-әрекет арқылы түрленуге қажеттілікті дамытуды;
- қол моторикасы мен сенсорлық қабылдауды дамытуды;
- ұлттық бейнелеу өнеріне тарту арқылы патриотизмді қалыптастыруды.

Міндеттері:

- Бояулармен, оларға тән қасиеттермен таныстыру;
- Қылқаламмен дұрыс жұмыс істеу, бояутактаны дұрыс пайдалану қабілеттерін дамыту;
- Сурет салуға құштарлықтарын арттыру, өнерді түсінуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Сурет сала білуге дағдыланады;
- Бояулар түсінің үйлесімділігін ажырата біледі;
- Өртүрлі бейнелерді құрастыра алады.

"Сықырлы суретші"

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары	Мақсаттары	Сағат саны
«Алтын күз»	Қыркүйек Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламының ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.	1
«Түрлі түсті таспалар»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң колдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі ұш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
«Түлі түсті орамал»	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін тандай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
«Бұлт күнді жапты»	Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
«Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әлемінің байкай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
«Кесені әшекейлейміз»	Балалардың қазактың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1
«Сүлгіні әшекейлеу»	Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру.	1
«Тікенекті кірпі»	Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1
«Тәрелкені әшекейлеу»	Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін тандауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жкмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру.	1
«Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)»	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Ойыншықтарына	1
«Құстар»	Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап	1
«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»	Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай өдемі болып жауатындығын бақылау. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1
«Қыстағы шуақты күн.»	балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.	1
«Түзу жолда, мен жүремін тура»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң колдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1

«Мерекелік отшашу»	Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін беру, отшашуды әртүрлі реңктермен бейнелеу, Бала қиялын дамыту, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеу.	1
«Ұзын құлақ сұр қоян»	Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту	1
		1
«Аққала»	Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.	1
«Қысқы шыршалар»	Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу	1
«Қар кесегі»	Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды. Қарды орналастыра білу, түсті сезіне білуге баулу.	1
«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашықхаты.»	анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге, қыз балаларды сыйлауға, мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
«Саты»	Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойынының ұзындығына қарай түрлі бағыттарға сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Музыканы көгіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1
«Қуыршақтың мойынорағышы»	Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	1
«Әдемі көйлек»	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусакпен немесе мортаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.	1
« Алжапқышты әшекейлейміз (киімнің жиегіне ұлттық ою – өрнек.)»	Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту.	1
«Күн жарқырап, шөп өсті»	Балаларды боямен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктілерін бекітк. Ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу.	1
«Бақбақ»	Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу.	1
« Балапандар көк шалғында»	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, қылқаламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту.	1
«Машина»	Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алғашқы әсерлерін бейнелеу іс – әрекетінде бере білуге жаттықтыру. Тік төртбұрыш, дөңгелек пішіндерін тұратын заттық сурет салу дағдыларын қалыптастыру, ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету.	1
		1
Көңілді қоян	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
Ғажайып орман	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, қылқаламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту.	1

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейнелеу өнері. С. К. Шапкина, Н. А. Королькова. Алматыкітап баспасы, 2014
2. Бейнелеу өнері әдістемелік құрал. Н. А. Королькова, А. А. Оналбаева. Алматыкітапбаспасы, 2013
3. Құрастыру және қол еңбегі. Ф. Н. Жұмабекова, А. А. Ойшыбаева. Алматыкітап баспасы, 2013
4. «Қарлығаш» оқу-әдістемелік кешені. М. И. Нүсіпбекова, Ә. Б. Арғымбаева. Астана, 2011
5. Бейнелеу өнері. Қ. Болатбаев, Ұ. Ибрагимов. Алматы «Атамұра» 2011